

Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 " Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 маусымдағы № 239 қаулысы және Ақтөбе облыстық мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 529 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 16 маусымда № 7180 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 "Ақтөбе облысы бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкаларын белгілеу туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3378 тіркелген, 2011 жылғы 8 қарашада "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің кіріспесі келесідей редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 10-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:";

әкімдік пен мәслихаттың бірлескен қаулысы мен шешімінің қосымшасында:

Алға ауданы бойынша 41 "Қарағандысай ауылы" - жолы алынып тасталсын;

Әйтеке би ауданы бойынша 71 "Қарасу ауылы" - жолы алынып тасталсын;

Ырғыз ауданы бойынша 111 "Қалалықкөл ауылы" - жолы алынып тасталсын;

Қарғалы ауданы бойынша 143 "Қарабұтақ ауылы", 145 "Сарыбұлақ ауылы" - жолдары алынып тасталсын;

Мәртөк ауданы бойынша 203 "Қазақстанның 13 жылдығы ауылы", 214 "Торайғыр ауылы" - жолдары алынып тасталсын;

Мұғалжар ауданы бойынша 246 "Ізімбет ауылы", 258 "57 разъезд" - жолдары алынып тасталсын;

осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес, Темір және Хромтау аудандары бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары жаңа редакцияда жазылсын;

Шалқар ауданы бойынша "Біршоғыр ауылдық округі" сөздері "Бершүгір ауылдық округі" сөздерімен ауыстырылсын; 358 "Қарабұлақ ауылы", 366 "Сардүлек жол айрығы", 367 "Шағыр жол айрығы", 370 "66 жол айрығы", 371 "67 жол айрығы", 379 "Қаратал ауылы", 380 "Қопатай ауылы", 382 "Үшқурай ауылы" - жолдары алынып тасталсын.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

*Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы*

Облыстық мәслихаттың хатшысы

О. Уразалин

К. Кенжебаев

С. Калдыгулова

2020 жылғы 5 маусымдағы № 239/529 Ақтөбе облысы әкімдігінің іқаулысына және мәслихатының шешіміне қосымша
2011 жылғы 12 қазандағы № 328/415 Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулысына және мәслихатының шешіміне қосымша

Темір және Хромтау аудандары бойынша жер учаскелері жеке меншікке берілген кезде олар үшін төлемақының базалық ставкалары

Темір ауданы		
	Темір қалалық округі	
283	Темір қаласы	210
284	Жамбыл ауылы	100
	Шұбарқұдық ауылдық округі	
285	Шұбарқұдық кенті	305
286	Кенжалы стансасы	75
	Ақсай ауылдық округі	
287	Ақсай ауылы	125
288	Шығырлы ауылы	115
289	Ащысай ауылы	90
290	Бірлік ауылы	90
	Алтықарасу ауылдық округі	
291	Алтықарасу ауылы	125
292	Еңбекші ауылы	100
293	Сарытоғай ауылы	100
	Жақсымай ауылдық округі	
294	Шұбарқұдық ауылы	240

295	Жаксымай стансасы	100
	Қайыңды ауылдық округі	
296	Құмқұдық ауылы	115
297	Бабатай ауылы	90
298	Шибұлақ ауылы	90
	Кеңесту ауылдық округі	
299	Қопа ауылы	140
300	Қалмакқырылған стансасы	110
301	Шитүбек ауылы	110
	Сарыкөл ауылдық округі	
302	Сарыкөл ауылы	125
303	Қопа ауылы	100
304	Құмсай ауылы	100
305	Шұбарши кенті	140
	Таскопа ауылдық округі	
306	Таскопа ауылы	115
	Кеңқияқ ауылдық округі	
307	Кеңқияқ ауылы	245
308	Бәшенкөл ауылы	115
Хромтау ауданы		
309	Хромтау қаласы	765
	Абай ауылдық округі	
310	Абай ауылы	120
311	Тассай ауылы	95
	Бөгетсай ауылдық округі	
312	Бөгетсай ауылы	120
313	Қарлау ауылы	95
	Дөң ауылдық округі	
314	Дөң ауылы	115
315	Оңғар ауылы	90
	Көктөбе ауылдық округі	
316	Майтөбе ауылы	115
317	Көктерек ауылы	90
	Аққұдық ауылдық округі	
318	Аққұдық ауылы	120
	Көктау ауылдық округі	
319	Көктау ауылы	120
	Қопа ауылдық округі	
320	Қопа ауылы	115
321	Тамды ауылы	90
	Құдықсай ауылдық округі	
322	Құдықсай ауылы	120

323	Ойсылқара ауылы	95
	Қызылсу ауылдық округі	
324	Сарысай ауылы	125
325	Қызылсу ауылы	100
	Ақжар ауылдық округі	
326	Ақжар ауылы	115
327	Просторная стансасы	90
	Никельтау ауылдық округі	
328	Никельтау ауылы	115
	Табантал ауылдық округі	
329	Табантал ауылы	115
330	Жайлаусай ауылы	90
331	Көптоғай ауылы	90
	Тассай ауылдық округі	
332	Тассай ауылы	105
333	Көкпекті ауылы	85
	Тасөткел ауылдық округі	
334	Тасөткел ауылы	105
335	Ақбұлақ ауылы	85
336	Ақтасты ауылы	85

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ